

**Қызмет көрсетуге арналған
жария шарт**

Бурабай к.

2025ж. « »

Осы қызмет көрсетуге арналған жария шарт осы Шарттың талаптарына қосылған тұлғаға қызмет көрсетудің жалпы талаптарын айқындайды, бұдан әрі көрсетілетін Қызметті алушы деп аталады.

Шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заннамасына сәйкес қосылу шарты болып табылады. Шарттың талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді және көрсетілетін қызметті алушы шартқа тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдайды.

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Бурабай» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесі бұдан әрі – «Мекеме», «Бурабай» МҰТП директоры Сергей Васильевич Быковтың атынан, өз өкілеттігі шегінде өрекет ете отырып, бір тараптан, және _____, бұдан әрі – «Қызметті алушы», оның атынан _____, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1. Шарттың мәні.

1.1. Мекеме автокөлік құралдарының табиғатты қорғау мекемесінің аумағына кіруіне рұқсат береді, ал Қызметті алушы осы шарттың талаптарына сәйкес автокөлік құралының кіруіне ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың қолданылу мерзімі.

2.1. Осы шарт көрсетілетін қызметті алушының талап етуімен айқындалған, табиғат қорғау мекемесінің аумағында болу мерзімінен аспайтын мерзімге жасалды және тараптар өз міндеттемелерін толық орындаған жағдайда өзінің қолданылуын тоқтатады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

3.1. Мекеменің міндеттері:

1. Автокөлік құралдарының табиғатты қорғау мекемесінің аумағына кіруіне рұқсат беру.
2. Қызметті алушыны ерекше қорғалатын табиғи аумактарға бару ережелерімен, Қазақстан Республикасының ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерімен, рекреациялық жүктеме нормаларымен таныстыру.

3.2. Мекеменің құқықтары:

1. Қызметті алушының осы Шарт талаптарын орындаудың және Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заннамасын сактауды бақылау.

2. Қызметті алушы Шарт талаптарын бұзған жағдайда, оны біржақты тәртіpte бұзу.

3.3. Қызметті алушының міндеттері:

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумактарға бару ережелерін, Қазақстан Республикасының ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін, санитарлық нормалар мен қағидаларды сактау.
2. Табиғатты қорғау заңнамасын бұзудан келген залалды (шығынды) заңнамага сәйкес өтеу.
3. Автокөлік құралдарының кіруіне белгіленген тарифтер бойынша төлем жасау.

4. Төлем шарттары мен тәртібі.

4.1. Табиғат қорғау мекемесінің аумағына автокөлік құралының кіруі үшін төлем 1-косымшага сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқарушысының 2024 жылғы 14 қарашадағы № 04/276 бүйрүгімен бекітілген тарифтерге сәйкес алынады. Бұл ретте төленуге жататын сома автомобильдерді бекіту жүйесімен айқындалатын, болған әрбір күн үшін автомобильдер санына байланысты айқындалады.

- 4.2.** 1-қосымшада көрсетілген Тарифтердің мөлшері жыл ішінде айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) өзгеруіне байланысты өзгертулған мүмкін.
- 4.3.** Төлем төлеуге берілген шотқа сәйкес тоқсанына 1 (бір) рет, есептік айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, мекеменің ақылы қызметтерінің 014 түрін (жеке және занды тұлғаларға ерекше қорғалатын табиғи аумактардың табиғи кешендерін туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдаланған кезде көрсетілетін: автомобиль көлігінің парк аумағына кіруі).
- 4.4.** Осы Шарт бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысады жүзеге асыру кезінде міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін төлем белгіленген мерзімде енгізілмеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мекемеге мерзімі өткен әрбір күн үшін берешек сомасының 0.1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

5. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу тәртібі.

- 5.1.** Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапты болады.
- 5.2.** Осы Шарттың орындалуына байланысты туындайтын барлық даулар келіссөздер жолымен шешіледі. Тараптардың келіспеушілігіне қол жеткізілмеген кезде дауларды Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес сот қарауға тиіс.

6. Өзге шарттар.

- 6.1.** Қазақстан Республикасының табиғат қорғау саласындағы заннамасы, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумактарға бару қағидалары өзгерген жағдайда, осы Шарттың мәтініне өзгерістер енгізіледі.

7. Мекеменің занды мекен-жайы мен деректемелері.

Мекеме

Қазақстан Республикасы Президенті Іс
Басқармасының «Бурабай» Мемлекеттік
ұлттық табиғи паркі
Бурабай кенті, Кенесары көшесі 47Б
ИИК: KZ74 0703 0169 4000 3001
БИК: KKMFKZ2A
«ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық
комитетінің Ақмола облысы бойынша
Қазынашылық департаментінің Бурабай
аудандық басқармасы»
Тел: 8(71636) 7-19-19

Директор

С.В.Быков



Кызмет көрсетуге арналған
жария шартқа
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының 2024 жылғы 14 қарашадағы
№04/276 бүйрығымен бекітілген

**Автомобиль көлік құралының кіруі үшін
Тарифтер**

Табиғат корғау мекемесінің аумағына автомобиль көлік құралының кіруі үшін акы алу (сарапланған тариф) **:	1 бірлік	Әрбір болу күні үшін	Кызмет үшін тарифтер	Тенгедегі тарифтер
1 мамырдан 30 қыркүйекке дейінгі демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жыл бойы:			0,3 АЕК	1 180 тг
- жеңіл автомобильдер			1,0 АЕК	3 932 тг
- 16 орынға дейінгі шағын автобустар мен жук көліктері			2,0 АЕК	7 864 тг
- 32 орынға дейінгі автобустар			3,0 АЕК	11 796 тг
- 32 орыннан асатын автобустар			0,4 АЕК	1 573 тг
демалыс және мереке күндері 1 мамырдан 30 қыркүйекке дейін:			1,5 АЕК	5 898 тг
- жеңіл автомобильдер			2,5 АЕК	9 830 тг
- 16 орынға дейінгі шағын автобустар мен жук көліктері			3,5 АЕК	13 762 тг
- 32 орыннан асатын автобустар				

«Бурабай» МҰТП ММ
бас есепшісі
Г.М.Абуова